

**8D01702 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған  
Төлеужан Ақбота Талғатқызының  
«Иновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары  
арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын  
қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы бойынша**

**АНДАТПА**

**Зерттеудің өзектілігі.** Бүгінде цифрландыру үдерісі әлем елдерінің даму көрсеткіштерін анықтайтын стратегиялық басымдылық ретінде айқындалғандықтан, цифрлық технологияларды пайдалану есебінен қазақстандық қоғамның түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі басты бағыттардың біріне айналуда. Жоғары бәсекелестікке қабілетті ортаны, мамандардың цифрлық сауаттылығы мен біліктілігін арттыруды, қазіргі заманғы қалалар аумағында интернет-инфрақұрылымды және цифрлық технологиялық шешімдерді пайдалану негізінде бизнес-құрылымдар мен мемлекеттік қызметтерді жетілдіруді білдіретін экономика саласындағы цифрландыру үдерісі бүгінгі қоғамның нақты көрінісін айқындап отыр. Осыған байланысты, қоғам талабына сай келетін, тұлғалардың білімге деген қажетін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін білім берудегі цифрлық трансформацияға деген қажеттілік туындады. Оқу үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану өзектілігін біз, біріншіден, 2012 жылдың желтоқсан айындағы мемлекет басшысының жолдауындағы *Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы* аясындағы басты бағыт ретінде қарастырамыз. Аталмыш құжатта қарастырылған «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты жеті ұзақмерзімді басымдықтардың біріне байланысты оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керектігі жайлы айтылған. Сәйкесінше, еліміздегі білім беру үдерісін цифрландыру қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу қажеттілігімен айқындалды. Сонымен қатар, аталмыш мәселенің өзектілігін *Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы* негізінде айқындаймыз. Тұжырымдама көрсетілген 2-бағытқа сәйкес, онда білім беру ұйымдарына үздік отандық және әлемдік тәжірибелерді енгізу, вариативтік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу арқылы инновацияларды таңдауда дербестік беру, сондай-ақ, пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен білім алушыларға арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асыру қажеттілігі және бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға әкелетіндігі жайлы көрсетілген. Оған қоса, зерттеу өзектілігін *Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған*

тұжырымдамасында көрсетілгендей, кітапханалар мен олардың жүйелерін цифрлық трансформациялау, жалпы процесте (Open University, Coursera және т.б.) ашық білім беру платформаларын пайдалануға байланысты қойылған мақсаты аясында анықтаймыз. Аталмыш құжатта «*Coursera – қазақ тілінде*» жобасы және Coursera халықаралық платформасының курстарын қазақ тіліне аудару іске қосылатыны және студенттерге онлайн курстар арқылы игерілген кредиттерді қайта есептеудің нақты тетігі енгізілетіні жайлы атап өтілді. Жоғарыда көрсетілген құжаттар білім беру ұйымдары мен формальды емес білім беру провайдерлері жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен білім алушыларға өз бетінше оқу іс-әрекетін жүргізуге мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерді алу үшін және тиісті білім деңгейіне қол жеткізу маңыздылығын айқындайды. Цифрлық құзыреттер барлық кәсіби стандарттардың міндетті элементі болғандықтан, аталмыш дағдыларды дамытудың мектеп қабырғасынан бастау алуы және оның негізінде күн тәртібіндегі өзекті мәселе цифрлық технологиялар негізінде жан-жақты үйлесімді тұлғаны дамыту қажеттілігі туындады.

Педагогикалық процеске цифрлық технологиялардың енуі жүйелік инновациялар және жаңа басқару жүйесі негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды білдіретіндіктен, ол, ең алдымен, қызметі жаңа білім беру практикасына негізделетін, яғни өзіндік идеялар мен технологияларды қолданумен ерекшеленетін инновациялық мектептерде жүзеге асырылады. Аталмыш педагогикалық тәжірибенің маңыздылығы білім берудегі инновациялық процесті жеделдетуге және оқу үдерісін барынша тиімді етуге байланысты анықталады.

Жоғары бәсекелестікке қабілетті ортаны қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне қарқынды түрде енуі шеттілдік білім беру әдістемесінің де дамуына әсер етті. Елімізде инновациялар мен жаңа технологияларды білім беру үдерісіне енгізу бойынша алғашқы қадам Қазақстанның үлкен ғылыми лингвистикалық мектебін құрған филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі С.С. Құнанбаева тарапынан жасалды. Ғалымның бастамасымен тілдерді оқыту пәндері бойынша алғашқы электрондық оқулықтар құрастырыла бастады. Қазақстанда аталмыш мәселеге қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан: цифрлық технологиялар негізінде шеттілдік білім беру әдістемесі (Ж.Е. Сағымбаева, Ұ.Т. Нұрманалиева, Ф.К. Атабаева); білім алушылардың шетел тілін меңгеру аясында елтанушылық құзіреттерін қалыптасу (Ж.Ә. Тусельбаева); шеттілдік білім беруді ақпараттандыру аясында мәдениаралық-коммуникативті құзіретін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері (А.Т. Чакликова); шеттілдік білім берудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері (Ж.Т. Атшыбаеваның, А.Т. Бақтыбаева, К.А. Байбурина, Д.М. Джусубалиева, А.Т. Чакликова, С.Т. Қаргин, А.Т. Шынжырбаева); шеттілдік білім беруге арналған цифрлық мазмұнды құрастыру (А.И. Тажигулова, Е.В. Артыкбаева, А.Ж. Арыстанова).

Жоғарыда аталған еңбектердің теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы жоғары, алайда, біз назарға алып отырған ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы білім алушылардың шеттілдік дағдыларын дамыту мәселесі ғылыми тұрғыда әлі де болса зерттелмеген болып қала береді.

Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми әдебиет көздерін жан-жақты саралау нәтижесінде келесі **қайшылықтарды** анықтадық:

- Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға деген сұраныстың артуы мен шеттілдік білім беруге ашық қол жетімділікті ұсынатын сапалы тілдік мазмұнды ұсынатын оқу ресурстарының тапшылығы арасында;

- Оқушылардың шетел тілінен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы ашық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері мен оның теориялық негіздерін зерделеу және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасында.

Жоғарыда аталған қайшылықтардың шешімін табу ұсынылып отырған зерттеу проблемасын айқындап, тақырыпты **«Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру»** деп таңдауымызға себеп болды.

**Зерттеу нысаны:** Инновациялық мектептердегі оқу үдерісі.

**Зерттеу пәні:** Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы ашық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері.

**Зерттеудің мақсаты:** Инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдысын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және оның әдістемесін әзірлеу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың әзірленген моделі мен әдістемесі инновациялық мектептердің педагогикалық процесіне енгізілсе, **онда** шеттілдік білім беру үдерісінің тиімділігі артады түседі, **өйткені** бұл оқушылардың тілдік құзыреттерін, оқуға деген ынта-жігерін және олардың интерактивті белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылар арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздері мен оның мүмкіндіктерін анықтау;

2. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін ашық білім беру ресурстарын пайдалану моделін құрастыру;

3. Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы қалыптастыру әдістемесін әзірлеу;

4. Ашық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері.** Зерттеу мәселесі теориялық және әдістемелік тұрғыда шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне негізделеді:

- Цифрлық технологиялар мен ресурстардың қазіргі заманғы педагогикалық міндеттерді шешудегі маңыздылығы (С.С. Құнанбаева, Г.К. Нұрғалиева, Е.Ы. Бидайбеков, Д.М.Джусубалиева, Е.В.Артықбаева, Ж.И. Сардарова, А.Т.Шынжырбаева, А.Т.Чакликова, А.И.Тажигулова, П.Б. Сейітқазы, Б.М. Бим-Бад, Г.И. Абдрахманова, А.В. Кешелава, В.И. Колыхматов, В.В. Гриншкун, М.Е. Вайндорф-Сысоева, М.Л. Субочева, А.Ю. Уваров, А.М. Кондаков, А.А. Костылева және т.б.);

- Ашық білім беру және ашық білім беру ресурстарының оқу үдерісіндегі маңыздылығы мәселесі (Г.К.Нұрғалиева, Е.В. Артықбаева, Д.М. Джусубалиева, Ғ.Б. Саржанова, Н.А. Адельбаева, А.А. Андреев, В.П. Тихомиров, В.М. Филиппов, Б.Е. Стариченко, Д.Э. Аткинс, Д. Уайли, А.Н. Бисселл, Уильям и Флора Хьюлетт, С. Мишра және т.б.) және шетел тілдерін оқыту үдерісіндегі АББР қолданудың мүмкіндіктері және маңыздылығы (Д.Алтунай);

- Инновациялық педагогикалық қызметтің және инновациялық мектептердің ерекшеліктері (А.К. Ризуанова, Р.Р. Масырова, О.Б. Пирожкова, Г.А. Мусабекова, С.Д.Муканова, Э.Д. Днепров, А.Г. Каспржак, А.Н. Тубельский, И.Д. Фруммин, М.В. Кларин және т.б.);

- Шетел тілдерін оқытудың коммуникативтік әдістемесінің негіздері (С.С. Құнанбаева, Б.А.Жетписбаева, Г.В. Колшанский, Е.И. Пассов, Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез, Г.В. Рогова, И.Н. Верещагина, А.А. Алхазишвили, И.А.Бредихина, М.Т.Байгейт, Хармер және т.б.).

**Зерттеу көздеріне** білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының құқықтық актілері (ҚР «Білім туралы заңы», ҚР «Тіл туралы заңы», Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы т.б.), білім беру мазмұнын регламенттейтін құжаттар (Білім беру стандарттары, Үлгілік оқу бағдарламалары, Үлгілік оқу жоспарлары), оқулықтар мен оқу құралдары, шеттілдік білім беруді цифрландыру мәселелері бойынша ғылыми-теориялық және философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектер жатады.

**Зерттеудің кезендері.** Зерттеу жұмысының **бірінші кезеңінде (2020-2021 жылдар)** инновациялық білім беру жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту проблемасын теориялық негіздеу мақсатында шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жасалды, озық тәжірибелер жинақталды, ғылыми-зерттеу және библиографиялық мәліметтер базасындағы еңбектерге талдау жүргізілді. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша ғылыми аппарат жүйеленді және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы анықталды.

**Екінші кезеңде (2021-2022 жылдар)** зерттеу тақырыбы бойынша теориялық материалды жүйелеу жалғастырылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың айқындаушы кезеңін жүргізудің үлгісі айқындалды.

Эксперименттік база, эксперименттік топтар және қажетті диагностикалық құралдар анықталды. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытудың моделі құрастырылды. Орта білім беру бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына шолу жасалды және зерттеу жұмысы аясында оқу үдерісіне таңдау курсы енгізілді. «Becoming Fluent in English» атты электронды оқу құралы мен YouTube каналы әзірленіп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен авторлық құқық туралы куәлік алынды.

**Үшінші кезеңде (2022-2023 жылдар)** тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы, бақылау кезеңдері өткізілді. Ашық білім беру ресурстары арқылы шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін модельдің тиімділігі анықталды. Зерттеу мәселесі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған аралық, қорытынды нәтижелерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Диссертациялық жұмысты талаптарға сәйкес редакциялық рәсімдеу жүзеге асырылды.

**Зерттеу әдістері:** Қойылған міндеттерді шешу үшін зерттеу әдістерінің жиынтығы қолданылды:

- теориялық әдістер: психологиялық-педагогикалық, ғылыми, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу және жүйелі талдау; нормативтік және оқу құжаттамаларын, салыстыру және модельдеу әдістері;

- эмпирикалық әдістер: педагогикалық бақылау, әңгімелесу, сауалнама, педагогикалық эксперимент;

- математикалық статистика әдістері: SPSS негізінде Стьюдент t - критерийінің статистикалық әдісі, Альфа Кронбах сенімділік талдауы.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

- инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың ғылыми-теориялық негіздері анықталды: «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыдан негізделді, «инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама берілді;

- білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың мүмкіндіктері анықталды;

- инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту моделі құрастырылды;

- ашық білім беру ресурстары арқылы инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту әдістемесі әзірленді және эксперименттік тексеру арқылы оның тиімділігі дәлелденді;

- оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы дамыту әдістемесінің тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** «Becoming Fluent in English» элективті курсы әзірлеу және оны инновациялық мектептің оқу процесіне енгізумен анықталады. Курс аясында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу

дағдыларын дамыту үшін YouTube арнасы мен «Becoming Fluent in English» атты электронды оқу құралы әзірленді.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп», «шетел тілінде сөйлеу» ұғымдарының мәні, «инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама;

- Оқу үдерісінде оқушылардың дағдылары мен қабілеттерін цифрлық білім беру мазмұны негізінде дамытуды көздейтін және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық-әрекеттік, бақылау-бағалау, нәтиже блоктарынан тұратын инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық моделі;

- Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: инновациялық мектептің 9-сынып оқушылары арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған “Becoming Fluent in English” таңдау курсының мазмұны және оның аясында қолданылатын оқыту әдістері мен формалары;

- Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.

**Зерттеудің эксперименттік базасы:** «Сләмия Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ, «М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия» Қарағанды қ.

**Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары:** Диссертациялық жұмыстың мазмұны аясында 9 ғылыми еңбек жарияланды: SCOPUS ДҚ бойынша индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналдарда – 1 мақала, ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда – 3 мақала және халықаралық ғылыми іс-шаралар материалдарында – 3 мақала. Сондай-ақ, зерттеу жұмысының мазмұны авторлық куәлігі бар “Becoming Fluent in English” атты электронды оқу құралы мен YouTube каналы арқылы көрініс тапты.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің дәйектігі, мақұлдануы, сынақтан өтуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, ережелерді басшылыққа алумен, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуімен, нәтижелерін статистикалық өңдеуімен және алынған нәтижелерді қорытындылаумен аяқталады.

**Диссертация құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс 148 беттен тұрады. 225 пайдаланылған әдебиеттерді қамтиды. 20 суреттен, 17 кестеден, 5 қосымшалар санынан тұрады.